

**Жарғылық капиталда қатысудың басым мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғам атқарушы орган басшысымен жасалатын Үлгілік жеке еңбек шартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 1 шілде N 909

Ескерту. Тақырыбында және мәтінінде "келісімшартты", "келісімшарт", "келісімшарттар" деген сөздер тиісінше "жеке еңбек шартын", "жеке еңбек шарты", "жеке еңбек шарттар" деген сөздермен, "басқармасының төрағасымен", "басқармалар төрағаларымен" деген сөздер тиісінше "атқарушы органы басшысымен", "атқарушы органдар басшыларымен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен.

Жарғылық капиталда қатысудың басым мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғамдардың ағымдағы қызметіне тиімді басшылық жасауды арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жарғылық капиталда қатысудың басым мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғам атқарушы органы басшысымен жасалатын Үлгілік жеке еңбек ш а р т ы б е к і т і л с і н .

2. Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иемдену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және Ұлттық Банкі (келісім бойынша) заңдарға сәйкес осы қаулымен бекітілген Үлгілік жеке еңбек шарты негізінде тиісті акционерлік қоғамдардың атқарушы органдар басшыларымен жеке еңбек шарттар жасасуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің кү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
1999 жылғы 1 шілдедегі  
N 909 қаулысымен бекітілген

**Жарғылық капиталда қатысудың басым мемлекеттік  
үлесі бар акционерлік қоғам атқарушы орган**

**басшысымен жасалатын  
Үлгілік жеке еңбек шарты**

Ескерту. Тақырыбында және мәтінінде "келісімшартты", "келісімшарт", "келісімшарттар" деген сөздер тиісінше "жеке еңбек шартын", "жеке еңбек шарты", "жеке еңбек шарттар" деген сөздермен, "басқармасының төрағасымен", "басқармалар төрағаларымен" деген сөздер тиісінше "атқарушы органы басшысымен", "атқарушы органдар басшыларымен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен.

\_\_\_\_\_ қаласы 1999 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
1. \_\_\_\_\_ акционерлік қоғамы, бұдан әрі "Қоғам" деп аталатын директорлар кеңесінің төрағасы \_\_\_\_\_ атынан, бірінші тараптан, және азамат \_\_\_\_\_, екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы келісім шартты жасасты.

2. Азамат \_\_\_\_\_ Қоғамның Директорлар Кеңесінің \_\_\_\_\_ жылғы отырысының хаттамасына сәйкес Қоғам атқарушы органы басшысымен (бұдан әрі - Басшы) \_\_\_\_\_ қызметіне \_\_\_\_\_ сайланады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен

3. Басшы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қоғамның Жарғысына сәйкес қоғамды басқаруды жүзеге асыру мақсатында мынадай функцияларды орындайды:

1) атқарушы органның тиімді жұмыс істеуін, Қоғамның қызметін және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің, сондай-ақ өз құзыреті шегіндегі еншілес ұйымдардың немесе тәуелді қоғамдардың жұмыстарын үйлестіреді және бағыттап отырады,

3) атқарушы органның және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді жұмыс істеуін бақылайды және қамтамасыз етеді;

4) атқарушы орган отырысы хаттамаларының жүргізілуін ұйымдастырады және оларға Қоғам акционерлерінің кедергісіз жіберілуін қамтамасыз етеді;

5) үшінші тараптармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) Қоғамды білдіру құқына сенімхат береді;

7) Бас есепшінің кандидатурасы туралы Қоғамның Директорлар Кеңесімен келіседі;

8) Қоғам атқарушы орган мүшелеріне тиесілі сыйақылар мен өтемақылар мөлшерін Қоғамның Директорлар Кеңесінің бекітуіне енгізеді;

9) банктерде есепшоттар ашады және қоғамның төлем құжаттарына қол қояды;

10) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

11) заңдарда және Қоғам жарғысының ережелерінде, акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғам директорлары кеңесі шешімдерінде белгіленген шеңберінде қоғамның қаржысына билік етеді;

12) Қоғам қызметкерлерін (атқарушы орган мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және жалақыларға дербес үстемелерді белгілейді, атқарушы орган және қоғамның ішкі аудиті қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін анықтайды;

1 3 ) < \* >

1 4 ) < \* >

15) қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орта мерзімді жоспарының (ұлттық компанияның даму жоспарының) әзірленуін ұйымдастырады;

16) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің басшыларын және бас есепшілерін лауазымға тағайындайды және босатады;

16-1) акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін көрсетілген акцияларды иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жоспарлының алдындағы жылдың бірінші сәуіріне дейін беруді қамтамасыз етеді;

17) өзіне заңдар, Директорлар Кеңесі мен Қоғамның жарғысы жүктеген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

4. Басшының міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қоғамның мүддесін барынша жоғары деңгейде көрсетеді деп санауға негізделген тәсілдерді қолдана отырып, өзінің лауазымдық өкілеттігін адал жүзеге асыру;

2) Жарғыға немесе акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғам мүлкі мен мүліктік құқықтарының Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімдеріне сәйкес келмейтін тұрғыда пайдаланылуына жол бермеу;

3) Қоғамның құрылтайшы құжаттарында белгіленген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысы алдында есеп беру;

4) Қоғам қызметінде заңдардың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясын сақтау және оларды қорғауды қамтамасыз ететін шараларды қолдану;

6) Қоғам қызметі туралы толық және дер кезінде расталған есеп беріп тұру;

7) Басшы қызметке сайланған күннен бастап 6 ай толғанда өзінің қызметі және

Қоғамның осы кезеңдегі нәтижелері туралы Директорлар Кеңесіне есеп беру оның нәтижелері бойынша Директорлар Кеңесі Қоғамның акционерлерін алдын ала жазбаша хабардар етіп, Басшының атқарып отырған қызметіне сәйкестік туралы, не Басшының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және онымен осы жеке еңбек шартты бұзу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

8) өзіне заңдар, Директорлар Кеңесі мен Қоғамның жарғысы жүктеген басқа да м і н д е т т е р д і о р ы н д а у .

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

5. Басшы өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде:

1) басқа ұйымдарда ақы төленетін лауазымда болуға;

2) қоғамның мүмкіндіктерін Қоғамды дамытуға және оның кірістерін арттыруға бағытталған қызметтен басқа өзге де мақсаттарда пайдалануға немесе олардың пайдаланылуына мүмкіндік беруге;

3) қоғаммен бәсекелес ұйымдарды немесе оған еншілес ұйымдарды немесе тәуелді қоғамдарды құруға немесе қатысуға;

4) қоғамда оның филиалдарында, өкілдіктерінде, оның еншілес ұйымдарында немесе тәуелді қоғамдарда үшінші тұлғаның істері бойынша өкіл болуға;

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

6. Басшы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиян үшін Қоғам алдында жауаптылықта болады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

7. Басшыға сыйақыны Қоғамның Директорлар Кеңесі белгілейді.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

8. Қоғамның Директорлар Кеңесі төрағаға қоғам шығынсыз жұмыс істеген, өндірістік және инвестициялық бағдарламалар орындалған, сондай-ақ осы шартта айтылған міндеттемелер ойдағыдай орындалған жағдайда қосымша сыйақылар б е л г і л е н у і м ү м к і н .

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

9. Жыл сайын төрағаға күнтізбелік демалыс белгіленеді. Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімімен Басшыға ақылы қосымша демалыс белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен**

1 0 . Қ о ғ а м :

1) Төрағаның еңбек кітапшасындағы жазбаларды ол жұмыстан босатылған

жағдайда дұрыс ресімдеуге;

2) босатылатын Басшыға босатылған күні еңбек кітапшасын беруге және онымен толық есеп айырысуға;

3) осы жеке еңбек шарттың күшіндегі кезінде Басшы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына заңдарда көзделген төлемдермен қатар \_\_\_\_\_ мөлшерінде жәрдемақы төленуге міндетті.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен.**

11. Осы жеке еңбек шарттың қолданылу мерзімі 1 жыл.

12. Басшының Қоғамды басқару жөніндегі қызметі тиімді болған жағдайда, осы жеке еңбек шарт келесі жылға ұзартылуы мүмкін.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен.**

13. Осы жеке еңбек шарт тараптардың өзара келісімі бойынша немесе заңдарда көзделген негіздемелер бойынша бұзылуы мүмкін. Сондай-ақ осы жеке еңбек шартты Қоғам біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін.

14. Басшының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Қоғамның Директорлар Кеңесі шешім қабылдаған жағдайда, осы жеке еңбек шарт біржақты тәртіппен Қоғамның бұзуына жатады.

Мұндай шешімнің қабылдауына мынадай жағдайлар негіз болып табылады:

1) Басшының заңдарды және Қоғамның Жарғысын бұзуы;

2) Басшының акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындамауы;

3) Төрағаның кінәсінен Қоғамның қаржы-экономикалық жағдайының нашарлауы;

4) осы жеке еңбек шарттың 4-тармағында көрсетілген міндеттерді, сондай-ақ осы жеке еңбек шарттың басқа да ережелерін Басшының орындамауы не ойдағыдай орындамауы;

5) заңдарда немесе Қоғамның Жарғысында қарастырылған өзге де жағдайлар.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702 қаулысымен.**

15. осы жеке еңбек шарттың тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Осы жеке еңбек шарттың барлық өзгертулері мен толықтырулары жазбаша түрде ресімделуі және осы жеке еңбек шарттың ажырамас бөлігі болып табылуы тиіс.

16. Осы жеке еңбек шарты қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

17. Осы жеке еңбек шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге жатады.

18. Осы жеке еңбек шарты мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды. Жеке еңбек шарттың екі данасының да бірдей заң күші бар. Бір данасы Қоғамда, екінші

д а н а с ы

Б а с ш ы д а

с а қ т а л а д ы .

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 702**  
қаулысымен.

**Тараптардың орналасқан жері және қолдары:**

Қоғам:

Директорлар кеңесінің төрағасы

Басшы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы) М.О.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9      ж ы л ғ ы      1      ш і л д е д е г і

N 909 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші  
жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Мемлекеттік иелігінен алу және жекешелендіру процесіндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 28, 341-құжат).

2. "Алауғаз мемлекеттік холдингтік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 қыркүйектегі N 770 қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 34, 397-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 қыркүйектегі N 1177 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 29, 353-құжат).

4. "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 19 қаңтардағы N 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 6, 26-құжат).